

КӘСІБИ БАҒДАР — ДҰРЫС ТАҢДАУ

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті рейтинг бойынша көпсалалы жоғары оқу орындары ішінде төртінші орынға және мемлекеттік білім беру гранттарының саны бойынша екінші орынға шықты. 2004 жылы университетте оқытудың кредиттік және қашықтықтан білім беру жүйесі енгізілді. 2008 жылы аталмыш білім ұясы республикамыздың жоғары оқу орындары арасында жеті білім беру бағдарламалары бойынша ASIIN Герман аккредитациялық агенттігінде Халықаралық аккредитациядан өтті. Қоғамды дамытудың заманауи деңгейі жоғары білімді мамандарды, шығармашылықпен жұмыс істейтін, еркін ойлауға қабілетті адамдарды талап етеді. Соңғы онжылдықта бұл міндет оқу үрдісіне әртүрлі педагогикалық технологияларды енгізу арқылы ұтымды шешілуде. Халқымыздың білімділігі — ел байлығы. Уақыт талабына сай білім беру үшін оқытудың жаңаша әдістерін қолдану қажет. Студенттер білімінің сапасы оқыту дәрежесіне тәуелді, сондықтан әрбір оқытушы өз ісінің шебері болуы тиіс.

Кафедра ұжымы университет міндеттеген

оқу үрдісінің барлық жұмыс түрлерін жоғары дәрежеде орындауда. Атап айтсақ, ғылыми-әдістемелік және тәрбиелік жұмыстар. Оқу үрдісі кредиттік технология бойынша жүргізілгендіктен, студенттерге қажетті оқу-әдістемелік құралдар стандарттарға сәйкес болуы қажет. Осы бағытта кафедра ұжымы көптеген жұмыстар атқаруда. Кафедрада электрондық оқу құралдарымен қатар виртуалды зертханалар жұмыс жасауда. Оқытудың интерактивті әдістері қолданылады. Профессор-оқытушылар құрамының ұйымдастыруымен студенттер олимпиадаларға және ғылыми конференцияларға белсене қатысады. Оқытушылар студенттердің интеллектуалды дамуын, ғылыми дүниетанымын қалыптастыру, адамгершілікке, ізгілікке, еңбекке тәрбиелеу және баулу бағытында бар мүмкіндіктерді қолданып келеді. Сонымен қатар мұнда оқу-ғылыми өндірістік кешен Д.И.Менделеев атындағы химия-биологиялық бағыттағы №15 мектеп-лицеймен, Т.Рысқұлов атындағы этнопедагогикалық мектеп-гимназиямен және №1 техникалық лицеймен екіжақты келісім-шарт негізінде жұмыс жасайды. "Жас химиктер" үйірмесі студенттерді іс-тәжірибеден өтуге бейімдеуде.

Б.СИЯЕВА.